

Az Airlines авиакомпаниясының Эмбрайер 190 ұшағының құлауы салдарынан болған топтық жазатайым оқиғаның себебін тергеп-тексеру жөнінде үкіметтік комиссия құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 25 желтоқсандағы № 1103 қаулысы
2024 жылғы 25 желтоқсанда Ақтау қаласы әуежайының ауданында Az Airlines авиакомпаниясы ұшағының құлауы салдарынан болған топтық жазатайым оқиғаның себебін тергеп-тексеру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес құрамда Ақтау қаласы әуежайының ауданында Эмбрайер 190 ұшағының құлауы салдарынан болған топтық жазатайым оқиғаның себебін тергеп-тексеру жөніндегі комиссия (бұдан әрі – Комиссия).

2. Комиссия дереу жұмысқа кіріссін, ұшақтың құлау себебін жан-жақты тергеп-тексеруді қамтамасыз етсін, қайтыс болғандардың отбасылары мен зардап шеккендерге бірінші кезекте көмек көрсету жөнінде шаралар қабылдасын.

3. Комиссия жетекшісі Қ.А. Бозымбаев ұшақтың құлауы салдарынан болған топтық жазатайым оқиғаның себебін тергеп-тексеру нәтижесі қайтыс болғандардың отбасылары мен зардап шеккендерге көмек көрсету жөнінде қабылданған шаралар туралы баяндасын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

О. Бектенов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2024 жылғы 25 желтоқсандағы
№ 1103 қаулысына
қосымша

Ақтау қаласы әуежайының ауданында Эмбрайер 190 ұшағының құлауы салдарынан болған топтық жазатайым оқиғаның себебін тергеп-тексеру жөніндегі комиссияның құрамы

Бозымбаев Қанат Алдабергенұлы	-	Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары, жетекші
Қарабаев Марат Кәрімжанұлы	-	Қазақстан Республикасының Көлік министрі, жетекшінің орынбасары
Қоныспаев Ермұхамбет Болатпекұлы	-	Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің орынбасары, жетекшінің орынбасары
Қилыбай		

Нұрдәулет Игілікұлы	-	Маңғыстау облысының әкімі
Сүлейменов Тимур Қайырбекұлы	-	Қазақстан Республикасы Бас көлік прокуроры (келісу бойынша)
Әділов Санжар Әскенұлы	-	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары
Сарбасов Акмәди Әділұлы	-	Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау бірінші вице-министрі
Тұрсынбаев Кеген Ахметұлы	-	Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар вице-министрі
Мұратов Тимур Мұратұлы	-	Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министрі
Томпиева Салтанат Еркінқызы	-	Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Азаматтық авиация комитетінің төрағасы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК